

Балабақша тәрбиеленушілеріне арналған психологиялық ойындар

Қабылдау қабілетін дамытуға арналған ойындар

« Ине мен жіп»

Жүргізуші:

Мен ине боламын, ал сендер жіпсіңдер. Сендер менің артымнан бір-бірлерінің белдеріңнен ұстап тұрындар. Қазір бәріміз алдымызда тұрған кедергілер арасынан үзілмей жүтіреміз. Кім жіпті үзе сол ойыннан шығады.

«Бұл қашан болады?»

Жыл мезгілдеріне байланысты суреттер көрсетіледі. Сол суреттер ішінен керек суретті көрсетіп әңгімелеп береді.

Кесте, құрал – жабдықтармен жұмыс

Айлардың аттарын ата?

Жыл мезгілін түстерге сәйкес ата?

Әр мезгілде неше ай бар?

Бір айда неше апта бар?

Қазір қандай жыл мезгілі және қандай ай?

« Кім қалай дыбыстайды?»

Ойынға қатысатын балаларды топтарға (ит, тауық, жылқы) бөледі.

Жүргізуші белгі берген уақытта ит тобындағы балалар итше үріп, дыбыстау керек. Дәл сол сияқты тауық, жылқы, мысық топтары да өз топ атауларынан қорғап шығады. Сонында жүргізуші өз белгі берген уақытта барлық топ бірдей өз дыбыстарын шығарады.

« Не үлкен?»

Отырған балаларға жүргізуші сұрақ қояды. Орындықтан не үлкен? Отырған балалар кезекпен заттарды атайды. Ойын ойнаған кезде жүргізушіге атаған заттарды қайтадан айтуға болмайды. Кім екі рет шатасса, ойыннан шығады. Жеңімпаз бала жүргізуші болады.

« Сиқырлы қаншық»

Балаларды шеңбер жасай отырғызып жүргізуші олардың алдындағы кішкентай үстел басына отырады. Үстелдің үстінде сиқырлы қаншық тұр. Ішінде әр түрлі ұсақ ойыншықтар. Балаларды кезекпен шығарып қаншықтың ішіндегі екі бірдей затты тауып алуды талап етеді. Мысалы: екі доп, екі машина т.б. Балалар қолдарымен заттарды сипап бірдей затты тауып алғаннан кейін оны сипаптан айтады. Айтқанын тексеру үшін заттарды сыртқа шығарады, ойын осылайша жалғасады.

Есте сақтау қабілетін дамытуға арналған ойындар.

« Төрт құрышы»

Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші «су» - десе қолдарын алдына созады, «ауа» - дегенде жоғары көтереді, «от» дегенде екі қолын айналдырады, « жер» дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатасса сол ойыннан шығады.

« Көңілді шеңбер»

Балалар қатармен тұрады. Әр баланың қолында әр түрлі сандар. Жүргізуші белгі берген уақытта балалар сандардың реті бойынша тұруға тиісті. Ойын бірнеше рет қайталанатын. Балалардың орындарыншатастырып алмауы қалыптанып отырады.

4. «Дайын бол»

Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші бір сөз айтады, ал балалар сол сөзді іс – қимылмен көрсетеді. Мысалы: қоян – секіреді, ат – шабады, күс – ұшады, дәйлек – бір аяғымен тұрады.

5. «Зейінді бол»

Балалар шеңберге тұрады. Жүргізуші ойынның ережесін түсіндіреді. Мен сендерге әр түрлі қимыл қозғалыстарды көрсетіп тұрамын. Сендер оны қайталап тұруға тиістіңдер. Бірақ мен ескерткен қозғалысын қайталауға болмайды. Кім қайталаса сол ойыннан шығады. Жүргізуші әр түрлі қозғалыстарды көрсетіп, қайталамайтын қозғалысты бірнеше рет көрсетеді. Қай бала шатасса ойыннан шығады. Ойынның жеңімпазы жүргізуші болады. Сол бала қайталанбайтын қозғалысты өзі шығарады.

Ойлауды дамытуға арналған ойындар

1. «Матадағы менің орыным»

Жердегі жатқан мата үстінде, балалар белгі берген уақытта тұрып қалуға тиісті. Матаның өлшемін тәрбиеші кішірейте отырып ойынды жалғастырады. Бірақ ойында балалар мата бетінен шығып кетпеулері керек.

2. « Ойлан да аяқта»

- Лимон қышқыл, ал қант... (тәтті)
- Егер үстел орындықтан биік болса, онда орындық...(үстелден аласа)
- Екі, бірден көп, ал бір... (екіден аз)
- Сен аяғымен жүресің, ал затты ұстағанда немен ұстайсың...(қолмен)
- Егер Самал үйден Айманнан бұрын шыкса, ал Айман...(кейін)
- Өзен арықтан терең, ал арық...(саяз)
- Бала үлкейіп, ер адам болады, ал қыз...(әйел адам)
- Пышпақ та, әйнек те...(өткір)

3. « Ойлан да аяқта»

- ат шабады, ал қарлығаш...(ұшады)
- ит үреді, ал қарға...(қаркылдайды)
- жылдан жорғалайды, ал балық...(жүзеді)
- қасқыр ұлицы, ал қой...(маңырайды)
- түйе болмайды, ал жылқы...(кісінейді)

4. « Қарама – қарсы сөзді ата»

Балалар шеңберге тұрады. Жүргізуші доппен балалардың арасында тұрады. Жүргізуші балаларға кезекпен допты лақтырып белгілі бір сөзді айтады. Балалар сол сөзге қарама қарсы сөздерді тауып алуға тиісті. Мысалы: Ашы – тұшы, жақсы – жаман

Қара-

Күн-

Аласа-

Қай бала шатасып қалса немесе жаубын айтпаса ойыннан шығады. Жетімпаз бала жүргізуші болады. Ойын қайталанады.

Қиялды дамытуға арналған ойындар

1. «Менің көңіл – күйім қандай»

Балалар өз көңілдерінесәйкес келетін суретті тауып атайды (көңілді – көңілесіз, қорқынышты, ревжуді,... т.б.). Сол кездегі өздерінің көңіл- күйге сәйкес болған жайды әңгілеп береді.

2. «Жаңа ертегі»

Жүргізуші отырған балаларға ертегі кейіпкерлердін атайды. Суреттерін көрсетеді. Мысалы: кемпір, шал, түлкі, арыстан, тышқан т.б. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып жаңа ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар ертегі құрастырады. Ең қызықты ертегі ойлап тапқан бала жүргізуші болып ойын жалғасады.

3. «Сықырлы дөңгелектер»

Баланың қиялын дамытуға арнайы бірнеше дөңгелектер беріледі, олардан балалар жануарлардың бейнесін жасау ұсынылады. Мысалы: құлақтарын үшбұрыш, көзін қиғаш сызықтармен, тұмсығы мен мұрттарын сызып мысықтың бейнесін салады. Аю, құлақтарын жартылай дөңгелек, көздерін екі дөңгелек, тұмсығы мен аузын салу арқылы аюдың басын салады, оның сыртқы бөлігінен ирек сызықтары айналдыра жүргізу арқылы арыстанның басының суретін салып, бала өз қиялы бойынша суретті толықтырады.

4. «Қиял жалғасы»

Тәрбиеші ойлап, балалардың назарын тақтаға аударады да өзі бірнеше сызықтарды бормен сызып қояды. (Толқын, сынық сызық, ирек т.б.) Менің қиялым бойынша осы сызықтардан алуан түрлі заттар жасауға болады. Қане, кім менің қиялымды жалғастырып өз алдыларындағы парақ қағазға сызықты сызып суретке айналдырып, не салғаны жайында әңгімелеп беруді өтінеді. Балалар жұмысын бірге талдайды.

Қабылдау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар

1. «Гүл»

Балалар әр жерде отырады. Жүргізуші: Балалар біз бәріміз енді өсіп келе жатқан гүлміз. Күн шықты, гүлдер жайнап ашылып өсіп келеді (қолдарын созады). Кенеттен баяу жел соға бастады, гүлдер желмен жан-жаққа шайқалады (қолдарын жан-жаққа шайқайды). Біз мезгілде аспанға бұлт төніп, жаңбыр жауа бастайды, гүлдер тоңып, бүрісіпжабылады (қолларымен тізделерінің үстіне қойып бүрісіп отырады). Бір уақытта қайтадан күннің көзі

күлімдеп шыға бастады, сол уақытта гүлдер де Құлтырып, жайнап ашыла бастайды (балалар үлкен шеңбер жасап , бір үлкен гүл шоғына жиналады).

2. « Заттарды қабылдау»

Тәрбиешінің алдына биік – аласа мұналар, жуан- жіңішке қарындаштар, оң қолын және сол қолын көтеріп тұрған баланың суреттері, табиғат көрінісі (ағаштар алыстан кішкене, жақынан үлкен болып көрінеді) т.б. суреттер бар. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды.

1. Мұналар қандай? (биік немесе біреуі аласа)
 2. Қарындаштар қандай? (жуан- жіңішке)
 3. Суретте бала қай қолын көтеріп тұр? (оң, сол)
 4. Мына суретте ағаш қалай орналысқан? (кішкене ағаш алыстан көрінеді, үлкені жақынан т.б.)
 5. Сен менің қай жағымда тұрсың? (алдымда)
3. « Ұқсас суретті тап»

Тәрбиешінің алдында қос- қостан бірнеше суреттер болады. Олар: Екі шырша, екі таяқ, екі теледидар, екі жапырақ, екі гүл, екі сағат т.б. Осы суреттердің бірнешеуін тақтаға іліп осынған ұқсас геометриялық пішіндерді қораптан таңдап алып салыстырып, ұқсастығын, пішінін, түр – түсін ешнәптан әңгімелеп береді.

Балалар шеңбер жасап тұрады, бір –біріне мұқият қарайды. Жүргізуші белгі берген кезде балалар көздерін жұмады. Сол кезде жүргізуші отырған балалардың бірнешеуіне әр түрлі заттарды қыстырып қояды. (Гүл, орамал, бантик, көңілдірік). Балалар көздерін ашқанда не өзгереді? – деп сұрайды. Ең дейінді балаға ойыншық беруге болады.

« Орындықты тап»

Балалар шеңберге тұрады. Әр бала өзінің жанындағы баланы есінде сақтап, қарап алуы керек. Жүргізушінің бірінші белгісі бойынша, бөлменің жан-жағына тарап кетеді (белгі: шапалақтау, бармақ немесе бұбенмен беріледі). Екінші белгі бойынша шеңберге бастапқыда қай орында, кімнің қасында тұрғанын есінде сақтап, қайта шеңбер түзеді. Өз орынын тапқан балалар мадақталады, таба алмағандар ойыннан шығады.

« Ойыншықты сипатта»

Жүргізуші балаларға қолындағы ойыншықты мұқият қарап алуы ұсынылды (1 минут). Мысалы: қуыршақ, түлкі, қоян, түйе т.б. Алынатын ойыншықтар түрлі-түсті және бөліктері бірнешеуі болуы шарт. Ойыншықты жасырып, балалардан сол ойыншықты көрсенде түр-түсі, пішіні, көлемі, дене бөліктерін есінде сақтағанын сипаттап әңгімелеп беруді талап етеді. Ойыншықты дәл, нақты сипаттап берген бала ойынды әрі қарай жалғастырады.

« Сөзді есінде сақта»

Тәрбиеші балаларға 7 қосарлы сөздерді оқиды. Балаларға мұқият тыңдау ұсынылады. Бірінші сөзді тәрбиеші өзі айтады, балалар келесі сөзді есіне сақтап қайталайды. Осылайша қалған сөздерді есінде сақтап қайталайды. Осылайша қалған сөздерді түгел айтып шығуы керек.

Көктем-жаңбыр

Жаз-күн шықты

Күз-тұман түсті

Қыс-қар жауды

Аспан- бұлт

Су-балық

Жер- шөп

ЗЕЙІНДІ ТҰРАҚТАНДЫРУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР

1. «Мен жеңімпазбын»

Орындықтарды ортаға қойып, музыка әуені ойнағанда балалар шеңбермен айналып жүгіреді. Орындықтар саны балалар санының, 1 санға кем болу керек. Ең соңында қалған бала орындықтың үстіне шығып, мен жеңімпазбын деп айту керек.

2. « Құлақ – мұрын»

Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші: құлақ – деп қолымен мұрынды ұстайды, ал мұрын – деп құлақты ұстайды. Ал балалар құлақ дегенде құлақты, мұрын – дегенде мұрындарын көрсету керек. Жүргізуші балалардың зейіні мен қақабалдауын тексеру мақсатымен оларды шатастырып айтады.

3. « Өз орныңды тап»

Қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру бойынша дидактикалық ойындар КАРТОТЕКАСЫ балабақшада

2 бет

№ 1 «Біреу және көп»

Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл. Үшбұрыш үйшікке кіріп, жарықты жағып, сонда тұра бастады. Бір уақытта біреу есікті қағады. Үшбұрыш: «Бұл кім?» деп сұрайды. Шаршы көрінеді. Балалар оны атайды, егер балалар атын атауға қиналса, тәрбиеші өзі атайды. Бәрі бірге оның бұрыштарын санайды, барлық қабырғаларының бірдей екендігін атап өтеді.

3 бет

№ 2 «Шаршы құрастыр»

Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиыннан жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады. 1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды. 2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (қайсысы жылдам?). 3-нұсқа: жеке немесе топпен, кім тез бітсе, күрделірек түрін беру.

4 бет

№ 3 «Зат неге ұқсайды?»

Мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналмадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларынан дамыту. 1-нұсқа. Тәрбиеші геометриялық пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтындығын табады немесе естеріне түсіреді. 2-нұсқа. Тәрбиешінің үстелінің үстінде геометриялық пішіндерді немесе заттар мен суреттер жатыр. Бала суретті не затты тандай отырып, оның қандай пішінге ұқсайтындығын айтады. Өзінің жауабын түсіндіреді.

5 бет

№ 4 «Айырмашылығын тап»

Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру. Мазмұны. Бұл ойында тәрбиеші сенсориканы, көлемді, кеңістік қатынасын, санын салыстыру үшін белгілі бір мақсатты көздейді. Ары қарай салыстыратын заттардың

санын арттыра отырып, бірнеше нұсқаларын қатарынан істеуге болады. Ойын өткен материалды бекітуге арналған. Тәрбиеші балалардың сөйлемді дұрыс байланыстырып сөйлеуін қадағалайды. Балалар екі сайқымзакты салыстырады. Салыстыруда мына сөздер пайдаланылады: кең – тар, қалың – жұқа, ұзын – қысқа.

6 бет

№5 «Біреуі артық»

Мақсаты: «Біреу – көп» ұғымын бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; заттарды топтастыра білуге үйрету. Мазмұны. 1-нұсқа. Балалар барлық карточкалардың арасынан бір зат бейнеленген карточканы тауып, атауын айтады, содан кейін көп зат бейнеленген карточканы көрсетеді. Бір бала жауап береді, қалғандары тексеріп отырады. 2-нұсқа. Барлық балаларға карточка үлестіріледі (карточкалар қайталанбайды). Барлық балалар өз карточкасы бойынша жауап береді. Бір партала отырған екі бала бірдей дұрыс жауап қайтарса, олар жұлдыз алады. Қай партала жұлдыз көп болса, солар жеңеді. 3-нұсқа. Балалар өз бетімен партала жұмыс істейді. Жауаптың орнына балалар жай қарындашпен бір зат бейнеленген суретті айналдырып сызды. Кім тез бітсе, сол балаға тағы бір карточка беріледі. Екі немесе үш карточкаға жауап берген балалар жеңімпаз деп саналады.

7 бет

№6 «Сипап сезу арқылы санау»

Мақсаты: Сипап сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу. Мазмұны. Тәрбиеші үстелінің үстінде орамалмен жабылған заттардың екі тобы (4 кірпіш, 5 жүк машинасы) қойылады. Шақырылған бала бір топтағы заттардың санын орамалды ашпай қолмен ұстап санау арқылы анықтап, қорытынды санды айтады және осылайша екінші топтағы заттар да саналады. Қарамай-ақ, қай топтағы заттардың артық не кем екенін салыстырады. Содан кейін жабулы орамал алынады да, барлық балалармен жауаптың дұрыстығы тексеріледі. Ары қарай топтарды салыстыру арқылы неше артық, неше кем екенін анықтау, теңестіру жұмыстарын жүргізуге болады.

8 бет

№7 «Сөзді керісінше ата»

сөздік ойыны Мақсаты: Балаларды қарсы мағынадағы сөздерді таба білуге үйрету; көлем, кеңістіктегі ара қатынас туралы білімдерін бекіту. Мазмұны. Тәрбиеші көлемді, кеңістіктегі бағытты немесе сандық қатынасты анықтайтын сөзді атап, допты бір балаға лақтырады. Бала осы сөзге қарсы мәндес сөзді атап, допты қайталап тәрбиешіге лақтырады (үлкен – кіші, кең – тар, ұзын – қысқа, биік – аласа, қалың – жұқа, сол жақта – оң жақта, жоғары – төмен, аз – көп, қалынырақ – жұқарак, ұзынырақ – қысқарак, көпірек – тарырақ, т.б.).

9 бет

№8 «Аңдарды көректендір» дидактикалық ойын

Мақсаты: Ісаны, және цифры туралы алғашқы білімдерін бекіту; қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту. Мазмұны. Тақтада аңдардың суреті ілінген, ал тамақтың суреті тәрбиеші үстеліне қойылған. - Марат, қалай ойлайсың, бананды қай аңға береміз? Апарып бер. Сен пілдің баласына неше банан бердің? Осы цифрды ата және көрсет. Басқа аңдармен де осындай жұмыс жүргізіледі. - Ал шо нені жақсы көреді? Әрине, балды. - Жолақтары бар қартөкшаны алыңдар. Солдан оңға қарай жоғарғы жолақты, содан кейін төменгі жолақты саусақтарыңмен жүргіңдер. - Енді жоғарғы жолақтың сол жағына бір аюды қой. Тәрбиеші бірнеше баладан неше аюдан қойғандарын сұрайды. - Төменгі жолаққа сол жақтан оңға қарай балы бар көп бөшекелерді қойыңдар (фишкалар). Тәрбиеші бірнеше баладан жекелей сұрайды: - Қотықтар нешеу?

10 бет

№ 9 «Ненің баласы?»

Мақсаты: Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. Мазмұны. Үлкен және кіші ойыншықтар бөлек тұрады. Бала үлкен ойыншықты таңдап алады және оған кішкене ойыншықтарды іріктеп алады (немесе керісінше). Өзінің таңдап алған жұбын атайды. Мысалы: ит үлкен, ал күшік кішкентай.

11 бет

№ 10 «Цирктің әртістері»

Мақсаты: балалардың 2 саны және цифры туралы алған білімдерін бекіту. Мазмұны. 1-нұсқа. Ковралан тақтада жануарлар бейнеленген суреттер әр жерге орналасқан. Тәрбиеші бүгін циркте тек мұнда 2-ден ғана бар әртістер өнер көрсететінін айтады. Балалар суретті таңдап, оларды бөлек қойып санайды, көрсетеді, цифрды атайды. 2-нұсқа. 1-нұсқада көрсетілгендей, бірақ бұл жерде мазмұнды суреттер қосылады. Балалар 2-ден болатын заттарды әртістерге таратады. Барлығына жеткендігі тексеріледі, цифрды атайды және көрсетеді. - Қандай заттар бір-бірімен қалды? (1 цифрын көрсету, атау). 3-нұсқа. 2-нұсқаға ұқсас, бірақ тапсырма күрделенеді. Жұп заттардың суреттері түсіне, көлеміне қарай іріктеліп алынған: ұзын, қысқа секіртпе үлкен, кіші барабан (тәрбиеші өз нұсқаларын ойлап табуына болады.) Тәрбиеші бір нұсқаны таңдайды.

12 бет

№ 11 «Жыл атасы» дидактикалық ойыны

Мақсаты: Балаларды жыл мезгілдері және айларымен таныстыру; 1-ден 3-ке дейінгі сандар қатары туралы алған білімдерін бекіту. Тақтада Жыл атасының суреті. Балалар жыл мезгілдерін атайды, оларды санайды. - Қазір

жылдың қай мезгілі? Тәрбиеші қазір қай ай екенін сұрайды, балалар қайталайды. Әрбір жыл мезгілінде 3 айдан бар екенін айтып, күз айларын атайды. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. - Бүгін жыл атасы бізбен күз туралы әңгімелескісі келеді. Ол бізге сары қарточка әкелітті. - Не үшін сары қарточка әкелді? Әрбір қарточкада керекті санды қоюға арналған күз айларына сәйкес келетін тор көз бар. Тәрбиеші айды атайды, балалар керекті цифрды бос орынға қояды. Одан кейін тәрбиеші цифрды атайды, ал балалар айды атайды.

13 бет

№12 «Зат неге ұқсайды?»

(2-субактың нұсқасын қараңыз). - Буратиноның үйіндегі қандай заттар тіктөртбұрышқа ұқсайды? - Міне, барлық қонақтар мерекелік дастарқан басына жиналды. Кім Буратиноға жақын отыр? - Кім Буратинодан алыс отыр? - Кім Қарабас-Барабасқа жақын отыр? - Кім Қарабас-Барабастан алыс отыр? Үлестірмелі материалмен жұмыс. - Паровозда неше тіктөртбұрыш және дөңгелек бар? Не артық?

14 бет

№13 «Сықырлы қалта»

Мақсаты: Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету. 1-нұсқа – затты қолмен ұстап санау. 2-нұсқа – қандай зат екенін ұстап көріп, анықтау. Тәрбиеші балалардың ортасына «сықырлы қалтаны» әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы тандап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын «сықырлы қалтаға» санын, кез келген түймелері бар жолақты тандап алып, қолын «сықырлы қалтадан» шығармаған бойы түймелерді саусағымен санайды. Қалтадан қолын шығарып, санын айтады. Балалар тексереді және түймелердің санына (1-5) сәйкес цифрларды көрсетеді. Ұл балалар Ілиястың, қыздар Айсұлудың неше түйме қадағандығын анықтайды. Балалар әкесіне кафель төсеуге көмектесуді ұйғарады. Бірнеше кафель жерге құлап, сынып қалды. Балаларға оны жинауға көмектесуді сұрайды.

15 бет

№14 «Шаршы құрастыр»

Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Тәрбиеші тапсырманы орындалуын қадағалайды. Егер бала орындауға қиналса, оған көршілес партадағы бала көмектеседі. Мұғалім күрделі шаршыны дұрыс құрастырған бір партадағы балаларға жүлдеге беріп, мадақтайды. - Ілияс пен Айсұлу жануарлардың арқайсысынан өз үйлеріне орналастырмақшы. Тәрбиешінің үстеліне жануарлардың суреттері, ал тақтаның әр бұрышына үйшіктер қойылған.

16 бет

№15 «Жануарларды орналастыр»

Мақсаты: Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету. 5 бала кезекпен тақтадағы тапсырманы, ал қалғандары үстелдің

үстіндегі парак қағазда фишкамен орындайды. - Оң жақтағы жоғарғы үйшікке актінің орналастыр. - Сол жақтағы төменгі үйшікке мысықты орналастыр. - Төменгі оң жақтағы үйшікке аюды орналастыр. - Жоғарғы сол жақтағы үйшікке қасқырды орналастыр. - Барлық аңдарға үйшіктер жетті ме? - Неше үйшік екенін санаңдар. Осы санды цифрмен көрсетіңдер. - Неше аң? Цифрмен көрсетіңдер. - Қай сан артық? 4 не, әлде 5 не? - Аңдардың қайсысы артық? Неге? Балалардың нұсқалары әртүрлі болуы мүмкін. Балалардың өз ойларын айтуына мүмкіндік беру.

17 бет

№16 «Өз орныңды тап»

Мақсаты: Цифрлардың сандар жатарындағы орны, көрші сандар туралы білімдерін нақтылау. Тәрбиеші балаларға 0-ден 10-ға дейінгі цифрларды таратып береді. (балалар цифрлар болады). «Цифрлар» музыка ырғағымен билеп жүреді. Музыка тоқтасымен балалар тез бір қатарға тұра қалады. Қалған балалар «цифрлардың» орындарын дұрыс таңқандықтарын тексереді. Содан кейін тәрбиеші бірнеше баладан аталған сандардың көрші сандарын атауды сұрайды.

18 бет

№17 «Жыл атасы»

Тақтада – жыл мергілдері бейнеленген 4 карточка, балаларда – 1 көк карточка. - Жыл атасы бүгін бізге қандай карточканы қалдырады? Неге олай ойлайсыңдар? (Қалған карточкалар алынып тасталынады). - Қыстың алғашқы екі айы қалай аталады? - Оларды өз орындарына қойыңдар. Бір бала тапсырманы тақтада, қалғандары партада орындайды. Түнде аял күшейіп, Күндіз тамшы тамады. Күн білінбей ұтару, Бұл қай кезде болады? (Ақпан) - Ақпан айы қай айдан кейін болады? - Қыс айлары атандар. Содан соң тәрбиеші балалардың бір-біріне сұрақ қоюын сұрайды. Бір бала кез келген айды белгілейтін цифрды көрсетеді, ал қалғандары қай ай екенін айтады. Келесі кезекте бала айды атайды, қалғандары осы айда белгілейтін цифрды көрсетеді.

19 бет

№18 «Заңдылығын тап»

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын, заңдылықты қоя білу дағдыларын дамыту. Тәрбиеші 9 тор көзден тұратын, олардың алтауы заттармен кезектесіп отыратын кесте бар. 3 зат үстелдің үстінде жатыр. Орналасу заңдылығын анықтап, заттарды өз тор көздеріне қояды. Егер балалар тапсырманы дұрыс орындап, өз әрекеттерін түсіндіруде қиналатын болса, онда тәрбиеші оларға көмектеседі.

20 бет

№19 «Суретші қай жерле қателесті?»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таби

алға үйрету. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші суретшінің «Қыс» тақырыбына сурет салғанын айтады. Балалардан оның бәрін дұрыс салғандығын тексеруді сұрайды. Балалар қыс мезгілінде болмайтын көріністерді тауып, оның қай мезгілде болатынын айтады.

21 бет

№ 20 «Сықырлы қапшық»

Қапшықта геометриялық пішіндер: Балалар қолымен ұстап, сезу арқылы қандай пішін екенін айтады. 4. Таяқшалардан әртүрлі пішіндер құрастыру. 5. Тәрбиеші 7 санына байланысты 7 күн, 7 түс, 7 шелпек ұғымдарын түсіндіреді. «Жеті» - көсеу баяғы, Жалғыз оның аяғы. 7 цифрын жазып үйрену. 7 санының құрамын ажыратып, дәптердегі өзіндік жұмыстарды орындату.

22 бет

№ 21 «Не өзгерді»

Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Мазмұны: Тәрбиеші екі жолақты карточканы тақтаға іліп, бірінші жолағына бір алмұрттың суретін, екінші жолағына көп алманың суретін іледі де, балалармен бірге салыстырады. Содан кейін, керісінше, бірінші жолаққа көп алманы, екінші жолаққа бір алмұрттың суретін іледі. Бұдан не өзгергенін сұрайды.

23 бет

№ 22 «Дауыстап санау»

Ойынның мақсаты: Дауыстап санауға, қорытпанды санды есте сақтауға үйрету. 1-нұсқа. Тәрбиеші үстелді бірнеше рет соғады. Балалар іштерінен санайды. Тәрбиеші 2-3 баладан қанша рет соғылғанын сұрайды, балалар тақтаға цифрмен көрсетеді. Егер жауаптар әртүрлі болса, тағы да соғып, қайта санатады. 2-нұсқа. Балалар жауап бермейді, дыбыстың санына байланысты цифрды көрсетеді. Тәрбиеші балаларға екі түрлі үйдің суретін көрсетеді. - Үйлердің бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? (Биік – аласа, тар – кең, үлкен – кіші).

24 бет

№ 23 «Аласқан цифрлар»

Мақсаты: баланың ойлау жылдамдығын арттыру. Мазмұны: Тәрбиеші 2, 4, 6, 7, 3, 5, цифрлары жазылған карточкаларды тақтаға іледі, балалар қалып қойған санды атайды.

25 бет

№ 24 «Ненің жұбы болады»

Мақсаты: Балаларға қандай заттардың жұпсыз болуы мүмкін емес екендігін көрсету, «жұп» ұғымын бекіту. Тәрбиеші киімдер мен аяқ киімдер бейнеленген суреттерді көрсетеді. Балалар жұпсыз болмайтын заттарды атайды: шұдық (носки), аяқ киім, қолғап, т.б. Олардың неліктен жұпсыз

болмайтындығын түсіндіреді. - Егер Карлсон жай, ал балакай жылдам
жиналса, олардың қайсысы далаға бірінші шығады? - Ал қазір Карлсон
сендерді таудан шанамен сырғанауға шақырады. Алайда бір шанаға тек екі
бала ғана отыра алады, ал үшіншісі - «артық». Кім жылдам қимылдаса, сол
шанаға отыруға үлгереді, кім баяу - «үшінші артық адам» болады.